

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Заң факультеті

СИЛЛАБУС

Инновациялық бизнестің құқықтық ортасы

2018-2019 оқу жылының көктемгі семестрі

Пәннің коды	Пәннің атауы	Типі	Апта ішіндегі сағат саны			Кредит саны	ECTS
			Лек	Практ	Лаб		
	Инновациялық бизнестің құқықтық ортасы	ОК	2	1	0	3	5
Пререквезиттері	Мемлекет және құқық теориясы; Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы; Мемлекет және құқық жалпы тарихы; Конституциялық құқық, Азаматтық құқық (толық курс), Интеллектуалдық меншік құқығы						
Дәріс беруші	Накишева Махаббат Кенжехановна, PhD, доцент м.а.		Офис-часы		Сабақ кестесі бойынша		
e-mail	mahink@mail.ru						
Телефоны	3773333, ішкі 1264		Аудитория		323		
Пәннің сипаттамасы	Курста Қазақстандағы инновациялық қызметті құқықтық реттеу мәселелері ашылады, инновациялық қызметті реттейтін негізгі құқықтық актілер зерттеледі, инновациялық қызметтің түсінігі мен санаты, түрлері мен нысандары, соның ішінде азаматтық құқық теориясы мен заңнаманы қолданудан мысал келтіру арқылы.						
Пәннің мақсаты	Курс Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметті нормативтік-құқықтық зерттеу үшін, азаматтық құқықтық нормативтік актілерді зерттеу үшін және инновациялық қызметте практикада қолданылатын қажетті заңнамалар түсінігімен, санатымен танысу үшін арналған.						
Оқу нәтижесі	<p>Магистратура бағдарламаны бітірушілер білуі тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Инновациялық құқықтық қатынастың негізгі түсінігі мен санаттарын, негізгі мазмұнын білу (инновациялар, инновациялық қызмет, инновациялық бизнес, инновациялық кәсіпкерлік және т.б.); 2. Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметтің түрлері мен ұжымдық-құқықтық нысанын білу; 3. Инновациялық қызмет субъектілерін қорғау мен қолдаудың негізгі әдістерін білу; 4. Инновациялық қызметті реттеу барысында құқықтық нормалардың түсінігін, нормативтік құқықтық актілерді қолдану ережелерін, олардың уақыт, кеңістіктегі әсерін білу; 5. Инновациялық қызмет субъектілерінің қатысуымен нақты құқықтық жағдайда қолдану кезінде заңнама нормаларын түсіне білу; 6. Құқықтық пікірталас, практикалық мәселе шешімін ұсынған кезде ауызша және жазбаша сауатты қолдана білу; 7. Құқықтық пікірталастарды инновациялық қызметті реттейтін нормативтік актілер арқылы шеше білу; 8. Практикалық мәселелерді, құқықтық пікірталастарды шешу үшін нормативтік актілерді қолдану дағдыларын және қажетті құқықтық 						

	құжаттарды жасауды білу.
Әдебиеттері	<p>1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі(Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен 1994 жылы 27 желтоқсанда қабылданды (01.01.2019ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен.). // "Әділет" АҚЖ сайтындағы Электрондық ресурс ретінде мына мекенжай бойынша қолжетімді: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000.</p> <p>2. Азаматтық құқық. Т. 1. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс). /ред. М. К. Сулейменов – Алматы, 2013.</p> <p>3. Азаматтық құқық. Т. 2. Заттық құқық. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс). /ред. М. К. Сулейменов – Алматы, 2013.</p> <p>Онлайн қолжетімді: SQL бойынша қосымша оқу материалы, сондай-ақ деректер базалар жүйесі үшін құжаттама, үй тапсырмасын, жобаларды орындау үшін пайдаланылатын, univer.kaznu.kz. сайтының бетіндегі ПОӘК бөлімінде қол жетімді болады. (Пәндер тақырыбы бойынша БАОК меңгеру курстары ұсынылады)</p>
Пәннің ұйымдастырылуы	Осы курс шеңберінде Қазақстандағы инновациялық қызметті азаматтық және кәсіпкерлік құқығы бойынша теориялық және практикалық материалдарды зерттеу арқылы құқықтық реттеумен жалпы танысу болады. Бұл пәнді зерттеу және дайындалу барысында ҚР Азаматтық кодексіне және ҚР Кәсіпкерлік кодексіне ерекше рөл бөлінеді, сонымен қатар азаматтық және кәсіпкерлік құқық бойынша оқулықтар мен тапсырмалар жинағына. Практикалық тапсырмаларды шешуге семинар сабақтары мен СӨЖ кезінде уақыт бөлінеді. Үй жұмысы болып теориялық материалды практика жүзінде қолдануға көмектесетін СӨЖ тапсырмалары және семинар бойынша тапсырмаларды шешу, жобалар табылады.
Курстың талаптары	<p>1. Төменде көрсетілген кестеге сәйкес, әрбір аудиториялық сабаққа алдын ала дайындалу керек.</p> <p>2. Үй тапсырмасы пән кестесінде көрсетілгендей семестр бойына бөлінеді.</p> <p>3. Үй тапсырмасы бірнеше сұрақтан тұрады: ол тақырып бойынша теориялық және нормативтік материалдарды меңгеру арқылы орындалатын теориялық сұрақтар, сонымен қатар практикалық тапсырмалар болуы мүмкін; сізге оқытушы ұсынған әдебиеттер мен нормативтік құқықтық актілерді қолдану қажет болады. Нақты тақырып бойынша азаматтық құқық түсінігін, санатын зерттеу үшін univer жүйесінен немесе интернет желісінен қажетті оқу ресурстарын іздеу жүргізу қажет болуы мүмкін.</p> <p>4. Семестр бойы зерттелген материалды инновациялық қызмет субъектісін құру жобасын даындауда қолдануыңыз тиіс, ол жерде заңды тұлғаның қызметін тіркеуге қажетті азаматтық-құқықтық құжаттарды дайындайсыз. Жобаға қатысты нақты талаптар аудиториялық сабақта талқыланады. Осы жобаның барлық бөлігі қорытынды бағаның 10% құрайды.</p> <p>5. СӨЖ жұмыстарын төменде көрсетілген кестеге сәйкес орындайсыз. Барлық СӨЖ жұмыстары қорытынды бағаның 30%, семинар сабақтары 20% құрайды.</p> <p>Үй жұмысын орындау кезінде келесі ережелер сақталуы тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үй жұмысы белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Кейін үй жұмысы қабылданбайды. 2. Үй жұмысы А4 парағының бір жақ бетінде орындалуы тиіс,

	және де әр бет рет-ретімен нөмірленуі тиіс. Сұрақтар нөмірленіп, нақты жауаптар ерекшеленуі тиіс. 3. Үй жұмысын әрбір студент жеке дара орындауы тиіс. Сіз үй жұмысын өзге студентпен бірлесе жасай аласыз, бірақ әркім нақты сұрақ бойынша (бір тапсырма) жұмыс істейтін болса.		
Бағалау саясаты	Өзіндік жұмыстың сипаттамасы	%	Оқыту нәтижелері
	Үй тапсырмалары СӨЖ Семинар сабағы Бақылау жұмысы Емтихан + Midterm БАРЛЫҒЫ	30% 20% 10% <u>40%</u> 100%	1,2,3,4,5,6,7 1,2,5,6,7 <u>1,2,3,4,5,6,7</u>
	Сіздің қорытынды бағаңыз келесідей формула бойынша есептеледі $\text{Пән бойынша қорытынды баға} = \frac{PK1 + PK2}{2} \cdot 0,6 + 0,1MT + 0,3AB$ $= 100\%$ Төменде бағалар пайыз түрінде берілген: 95% - 100%: A 90% - 94%: A- 85% - 89%: B+ 80% - 84%: B 75% - 79%: B- 70% - 74%: C+ 65% - 69%: C 60% - 64%: C- 55% - 59%: D+ 50% - 54%: D- 0% -49%: F		
Оқу пәнінің саясаты	Үй тапсырмаларының тиісті мерзімдер немесе жобалардың жеңілдететін мән-жайлар жағдайында ұзартылуы мүмкін (мысалы, ауру, шұғыл жағдайлар, апат, күтпеген мән-жайлар және т. б.) университеттің Академиялық саясатына сәйкес. Пән үшін студенттің пікірталастарға қатысуы және сабақтардағы жаттығуларда оның жалпы бағасы ескерілетін болады. Сындалы сұрақтар, диалог, пәннің мәселесін құпталау тұрғысынан кері байланыс және сабақтар барысында көтермеленеді және оқытушы қорытынды баға шығару кезінде әрбір студенттің сабаққа қатысуын ескереді.		
Сабақ кестесі			
Апта	Тақырыбы	Сағат саны	Балл
1,2	1 дәріс. Кіріспе. Нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстанның инновациялық дамуы. Қазақстан Республикасының индустриалды - инновациялық жүйесі. 1. Инновация терминінің түсінігі және мемлекет экономикасында алатын орны. 2. Индустриалды-инновациялар жүйесінің дамуы- Қазақстан Республикасы экономикасының негізі ретінде 3. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық жүйесінің негізгі бағыттары	2	
	1 практикалық (зертханалық) сабақ. Кіріспе. Нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстанның инновациялық дамуы. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық жүйесі.	2	14
3,4	2 дәріс. Индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламалары.	2	

	<p>1. Индустриалды-инновациялық жүйенің дамуында мемлекеттің алатын орны</p> <p>2. «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ инновациялық гранттары мемлекеттік қолдаудың тиімді құралы ретінде</p> <p>3. «Ғылым қоры» АҚ экономиканың инновациялық бағыттарын дамытудағы қызметі</p>		
	2 практикалық (зертханалық) сабақ. Индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламалары	2	14
	№ 1 СОӨЖ. Қазақстан Республикасының заңнамасына байланысты интеллектуалды меншік түсінігі, мазмұны, объектілері. (нұсқа бойынша жазбаша бақылау жұмысы, ауызша тапсыру)		20
5,6	3 дәріс. Индустриалды -инновациялық дамудың түсінігі, алға қойған мақсаттары. 1. Индустриалды-инновацияның түсінігі мен негізгі бағыттары 2. Индустриалды-инновацияның дамудың негізгі мақсаттары	3	
	3 практикалық (зертханалық) сабақ. Индустриалды - инновациялық дамудың, түсінігі, алға қойған мақсаттары.	3	21
	№ 2 СОӨЖ. Индустриалды-инновациялық жеке кәсіпкерлік субъектілері (нұсқа бойынша жазбаша бақылау жұмысы)		20
7	1 аралық бақылау		10
8	Midterm		
9	4 дәріс. Инновациялық бизнесті жүргізудегі кәсіпкерлік субъектілер және мемлекеттің өзара іс-қимыл қағидалары. 1. Инновациялық бизнестің ерекшеліктері мен оны құрайтын негізгі фактор 2. Инновациялық бизнестің субъектілері мен олардың құқықтық нысандары 3. Инновациялық бизнес субъектілері мен мемлекеттің өзара құқықтық қатынастары мен қағидалары	2	
	Практикалық (зертханалық) сабақ 4. Инновациялық бизнесті жүргізудегі кәсіпкерлік субъектілер және мемлекеттің өзара іс-қимыл қағидалары	2	14
10	5 дәріс. Қазіргі таңдағы Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамудың негізгі бағыттары. 1. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының негізгі кезеңдері	4	28

	2. Ауыл-шаруашылық және минералды пайдалы қазбалар өндірісі - Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамудың негізгі бағыттары ретінде		
	Практикалық (зертханалық) сабақ 5 Қазіргі таңдағы Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамудың негізгі бағыттары		
11	6 дәріс. Ауылшаруашылық саласындағы инновациялық бизнес. 1. Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық индустриясының даму дәрежесі 2. Ауылшаруашылық кәсіпкерлікті мемлекетті қолдау - осы сала субъектілерінің белсенділігін дамытудың бір факторы ретінде		
	Практикалық (зертханалық) сабақ 6 Ауылшаруашылық саласындағы инновациялық бизнес		
12	7 дәріс. Агроөнеркәсіп саласындағы инновациялық бизнес. 1. Қазақстан Республикасында Агроөнеркәсіп саласындағы инновациялық бизнестің дамуы 2. Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2017-2020 жж арналған бағдарламасы		
	Практикалық (зертханалық) сабақ 7 Агроөнеркәсіп саласындағы инновациялық бизнес		
10-13	№3 СОӨЖ. Индустриалды-инновациялық қызмет субъектісін құруды заңи қолдау жобасы. (заңнаманы зерттеу, түрі мен нысанын таңдау, құру тәртібі мен ережелерін анықтау, қажетті заң құжаттарын жасау және рәсімдеу, және қызметті жүзеге асыруға ұсыныстар)		20
13	8 дәріс. Транспорт және логистикадағы инновациялық бизнес. 1. Қазақстан Республикасында транспорт және логистика аясының қазіргі жағдайы 2. «Қазақстан-жаңа Жібек жолы» жобасы аясындағы транспорттық-логистикалық жүйесінің даму перспективалары	2	
	Практикалық (зертханалық) сабақ 8 Транспорт және логистикадағы инновациялық бизнес		
14	9 дәріс. Инновациялық қызметпен айналысудың институционалды ерекшеліктері, негізгі ұйымдық-құқықтық нысандары. 1. Қазіргі уақытта инновациялық қызметті жүзеге асырудың ерекшеліктері		

	2. Экономиканың инновациялық дамуының мемлекеттік реттеу ерекшеліктері		
	Практикалық (зертханалық) сабақ 9. Инновациялық қызметпен айналысудың институционалды ерекшеліктері, негізгі ұйымдық-құқықтық нысандары.	2	14
15	10 дәріс. Индустриалды – инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың мақсаттары, міндеттері және негіздері. 1. Индустриалды – инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың негіздері 2. Индустриалды – инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың мақсаттары мен міндеттері		
	Практикалық (зертханалық) сабақ 10 Индустриалды – инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың мақсаттары, міндеттері және негіздері		
	№4 СӨЖ. "Инновациялық қызметті құқықтық қамтамасыз етудің мәселелері" тақырыбына эссе жазу.		20
15	2 Аралық бақылау		10
	1,2 Аралық бақылау		200 (7*6,4=45+25+30=100)
	Емтихан		100
	Барлығы		400

ҰСЫНЫСТАР

Студент аудиториялық сабақтарға және үй тапсырмаларын орындау кезінде пән силлабусындағы мәліметтерге сүйенуі тиіс. Курс силлабуста көрсетілген кесте бойынша оқытылады, студентке уақытылы сабаққа дайындалуға, тапсырмаларды орындап, тапсыруға мүмкіндік береді. Тапсырманы дұрыс орындау үшін univer жүйесіндегі ПАӨК-пен, семинар сабақтарының жоспарымен, СӨЖ орындау әдістерімен, СӨЖ орындау нысанымен, ұсынылған әдебиеттермен танысу қажет. Сұрақ туындаған жағдайда лектордан, оқытушыдан офис-сағаты кезінде силлабустағы электронды почта бойынша немесе семинар сабағынан кейін көмек сұрасаңыз болады.

Факультет деканы
Әдістеме бюросының төрағасы
Кафедра меңгерушісі
Дәріс беруші

Байдельдинов Д.Л.
Урисбаева А.
Жатқанбаева А.Е.
Накишева М.К.